

Қазақ азаматтық авиация басқармасын қайта құру және "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиокомпаниясын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 27 тамыз 1993 ж. N 741

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 U931291_ Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақ азаматтық авиация басқармасы қайта құрылып, мемлекеттік пайдаланудағы авиакәсіпорындар мен құрылымдық бөліктер негізінде (қосымшаға сәйкес) кәсіпорындық мәртебесі және заңды ұйым құқы бар "Қазақстан әуе жолы" ("KAZAKHSTAN AIRLINES" - 8585 құжаттың 85 тіркеу бабы) Ұлттық акционерлік авиокомпаниясы (бұдан былай Компания) құрылсын.

2. Былай деп:

Компания Қазақстан Республикасының әуе тасымалдарына, авиациялық жұмыстар мен қызметтерге, сондай-ақ әскери-жұмылдыру жұмыстары мен азаматтық қорғанысқа мұқтаждығын қамтамасыз етуде Қазақ азаматтық авиация басқармасының құқықтық мұрагері болып табылады;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы қызметін басқаруды жетілдіру туралы" 1993 жылғы 21 қаңтардағы N 53 қаулысына сәйкес Қазақ азаматтық авиация басқармасына жүктелген мемлекеттік басқару қызметтерін атқару міндеті Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің орталық аппараты құрамында Азаматтық авиация департаменті құрылып, аталған қызметтер оған тапсырылғанға дейін Компанияда сақталады деп белгіленсін.

Компанияны президент басқарады.

Компанияны акцияландыру Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993 - 1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасына сәйкес жүргізіледі;

азаматтық авиацияның дербес кәсіпорындарын, ұйымдары мен мекемелерін (Алматы қаласындағы N 405 азаматтық авиация жөндеу зауыты мен Ақтөбе қаласындағы N 406 азаматтық авиация жөндеу зауыты; Ақтөбе жоғары азаматтық авиация ұшқыштары училищесі) мемлекеттік басқару міндеті Қазақстан Республикасы Көлік министрлігіне жүктеледі. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.11.17.

N 1594 қаулысымен. P971594_

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті

белгіленген тәртіппен Компанияны құру құжаттарын бекітетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Көлік министрлігімен, "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясымен бірлесе отырып:

үш ай мерзім ішінде азаматтық авиация кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің меншігіндегі мемлекеттік мүліктің тізімдерін қайта қарап, осы мүліктерді иелену, пайдалану және басқару құқыларын жүзеге асыратын органдарды анықтайтын болсын;

1994 жылдың 1 ақпанына дейін Компанияны мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің кезеңдік қайта ұйымдастыру шараларын экономикалық тұрғыдан негіздей отырып жеке жобасын жасайтын болсын, сонымен бірге мына жәйттер:

- әуе қозғалысын басқарудың Біртұтас мемлекеттік жүйесін құру мен қызмет атқаруын қамтамасыз ету мақсатында Компаниядан әуе қозғалысын басқару қызметтері бөлініп, олардың негізінде мемлекеттік аэронавигациялық қызметін - "Мемаэронавигацияны" құру;

- ұлттық авиатасымалдаушы - мемлекеттік акционерлік көлік авиакомпаниясын құру;

- кіші авиация бөлімшелері негізінде ауыл және орман шаруашылықтарында жұмыс істейтін, басқадай қызметтер көрсететін мемлекеттік емес мамандандырылған акционерлік авиакомпаниялар құру мүмкіндігі;

-әуежайлардың бөлінуі және олардың негізінде дербес шаруашылық кешендерін құру мүмкіндігі қарастырылсын.

5. Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 3 желтоқсандағы "Қазақ КСР территориясындағы азаматтық авиация қызметін қамтамасыз ету мәселелері" жөніндегі N 760 қаулысының күші жойылды деп саналсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 27 тамыздағы
N 741 қаулысына
қосымша

Ұлттық "Қазақстан әуе жолы" акционерлік
авиакомпаниясының құрамына кіретін кәсіпорындардың

ТІЗІМІ

Алматы ұшу-техникалық кешені
Ақмола бірлескен авиация отряды
Ақтөбе бірлескен авиация отряды
Арқалық бірлескен авиация эскадрильясы
Атырау бірлескен авиация отряды
Алматы әуежайы
Балқаш әуежайы
Боралдай бірлескен авиация отряды
Жамбыл бірлескен авиация отряды
Жезқазған бірлескен авиация эскадрильясы
Қарағанды бірлескен авиация отряды
Қызылорда бірлескен авиация отряды
Көкшетау бірлескен авиация отряды
Қостанай бірлескен авиация отряды
Маңғыстау бірлескен авиация отряды
Павлодар бірлескен отряды
Петропавл бірлескен авиация отряды
Семей бірлескен авиация отряды
Талдықорған бірлескен авиация отряды
Өскемен бірлескен авиация отряды
Орал бірлескен авиация отряды
Шымкент бірлескен авиация отряды
Алматыдағы оқу-жаттығу орталығы
Ақтөбедегі оқу-жаттығу орталығы
Алматыдағы Әуе қатынасының бас агенттігі
Алматыдағы материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі
Алматыдағы азаматтық авиация Құрылыс-монтаждау басқармасы